

«Түркістан облысы деңсаулық сақтау басқармасының №1 «Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК –ның (әрі қарай - №1 ОПО) жиналыс ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

№2

03 қыркүйек 2024 жыл

Қатысушылар:

Жиналыс төрағасы – басшысының м.а. С.Джабагиева
Жиналыс хатшысы – заңгер А.Жумекеева
Кәсіпорын қызметкерлері.

Күн тәртібінде: «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығын (бұдан әрі *Үлгілік ереже*) түсіндіру.

Жиналысты төрағасы С.Джабагиева ашып, Үлгілік ереже бойынша түсіндіру жүргізу үшін сөзді заңгері әрі комплаенс офицері қызметін қоса атқарушы А.Жумекееваға берді.

А.Жумекеева Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметті функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайтындығын жеткізді.

Осы Үлгілік ережеге сәйкес №1 ОПО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі құрылып, жұмыс жасап жатқандығын оның негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықты болдырмау, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын-алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізіп отыру, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету болып табылатындығын түсіндіріп берді.

№1 ОПО-да комплаенс офицері ретінде А.Жумекеева Үлгілік ережеге сәйкес №1 ОПО-тың бөлім меңгерушілерінен, бас есепшісі мен басқа да жауапты тұлғаларынан қажетті құжаттар мен ақапараттарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды алуға, ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге, қызметтік тексеру барысында жазбаша түсіндірмелер беруді талап етуге құқығы барлығын да айтты.

Сонымен қатар, ол комплаенс офицері ретінде атқарған жұмыстары туралы мерзімінде №1 ОПО басшысына есеп беріп отыратындығын хабарлады.

Жиналыс соңында заңгерінің сұрақтарына жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы

С.Джабагиева

Жиналыс хатшысы

А.Жумекеева

